

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 25 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы.

Бұл заң жобасы Сенат депутаттарының бастамашылығымен әзірленді. Регламентке сәйкес конституциялық заңдар палаталардың бірлескен отырысында қабылданады. Палаталардың әрқайсысы бірлескен отырысқа дейін комиссияның құрамына енетін кандидатураларды және қосымша баяндама жасаушыны айқындауы қажет.

Осыған байланысты Сенаттың тиісті қаулысының жобасы сіздерде бар. Ұсынылған кандидатуралар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Сенат депутаттарын сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На ваше рассмотрение вносится Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Государства Катар о взаимном поощрении и защите инвестиций».

Регулярные контакты между Президентом Республики Казахстан Касым-Жомартом Кемелевичем Токаевым и Шейхом Тамимом бен Хамадом Аль Тани обеспечивают высокую динамику взаимодействия между Казахстаном и Катаром.

На сегодня налажены конструктивные связи между национальными компаниями и частными секторами двух стран, которые напрямую прорабатывают перспективные проекты в различных секторах экономики на общую сумму 1 миллиард 356 миллионов долларов США.

Учитывая значительный потенциал развития отношений между странами, а также в целях защиты и оказания поддержки инвесторам обеих стран, в октябре 2022 года в городе Астане было заключено Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Государства Катар о взаимном поощрении и защите инвестиций.

Кроме того, задачей соглашения является активизация экономического сотрудничества сторон посредством создания благоприятных условий для осуществления инвестиционной деятельности.

Соглашение разработано на основе стандартных положений Организации экономического сотрудничества и развития, принципов Конференции Организации Объединенных Наций по торговле и развитию и рекомендаций Всемирного Банка.

Вместе с тем соглашение носит рамочный характер, направленный на закрепление взаимных международно-правовых гарантий прав инвесторов при осуществлении инвестиционной деятельности на территории двух сторон.

Данное соглашение обеспечивает защиту от принудительного отчуждения путем обеспечения выплаты компенсации, доступ к международному арбитражу, а также справедливое и равное отношение стран к иностранным инвестициям. К тому же регламентируется порядок взаимодействия сторон, осуществления платежей и переводов, в том числе устанавливаются ограничения на них, порядок урегулирования споров между стороной и инвестором другой стороны.

Также каждая сторона оставляет за собой право в соответствии со своим национальным законодательством устанавливать чувствительные секторы экономики и (или) связанные с ними виды предпринимательской деятельности, которые должны быть ограничены или исключены.

Принятие закона позволит улучшить инвестиционный климат, а также поспособствует дальнейшему развитию взаимовыгодного торгово-экономического сотрудничества между странами.

С учетом изложенного Комитет по международным отношениям, обороне и безопасности рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Государства Катар о взаимном поощрении и защите инвестиций».

Құрметті әріптестер, қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында инвестицияның жетіспеуі экономиканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе екенін және оның тапшылығы болашақта тоқырауға әкеп соқтыратынын атап өтті. Осыған байланысты Президент елімізде қолайлы инвестициялық ахуал құру, шетелдік инвесторлар тарапынан да, отандық бизнес тарапынан да біздің экономикамыз үшін басым және перспективалы салаларға инвестициялар тарту жөнінде міндеттер қойды.

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен Сыртқы істер министрлігіне елге инвестициялар тартуға жәрдемдесу жөніндегі функциялар жүктелгенін атап өткен жөн. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Сыртқы істер министрлігі елге шетелдік инвестицияларды тарту бойынша бүгінде қандай жұмыстар жүргізуде? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің орынбасары Нұрбаева Назира Нұртілеуқызы, жауап беріңіз.

НҰРБАЕВА Н.Н. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі таңда Сыртқы істер министрлігі инвестициялардың көбеюіне және инвестицияларды Қазақстанға тарту мақсатында бірталай жүйелі шараларды қолданып жатыр. Айта кетсем, есть комплекс системных мер в части привлечения инвестиций. Министерством иностранных дел была создана трехуровневая система привлечения инвестиций на внешнем периметре. Нашими загранучреждениями осуществляется первичный контакт с иностранными инвесторами, крупными транснациональными компаниями. Совместно с АО «НК «Kazakh Invest» определяется круг инвесторов, которым будет интересно инвестировать в Республику Казахстан. На уровне центральных государственных органов осуществляется отраслевая поддержка, на уровне местных исполнительных органов происходит приземление конкретных инвестиционных проектов.

Если сказать о конкретных результатах за 2023 год, то было проведено более 3 тысяч встреч с иностранными инвесторами, более 1400 визитов в Казахстан иностранные инвесторы осуществили.

Также можно сказать о том, что в 2023 году 47 конкретных проектов были реализованы с участием иностранного капитала на территории Казахстана, которые в стоимостном выражении составляют более 1 миллиарда долларов США, предусматривают открытие более 4,5 тысячи новых рабочих мест.

В целом с точки зрения увеличения и улучшения инвестиционного климата здесь тоже большая работа проводится. На ежегодной основе проводятся встречи под председательством Главы государства на уровне Совета иностранных инвесторов, также проводится диалоговая платформа с европослами, организуются различные мероприятия. Из последних мер и мероприятий хочется отдельно отметить, что была усилена работа Инвестиционного штаба. Указом Президента в декабре прошлого года были расширены полномочия Инвестиционного штаба. Инвестиционным штабом рассматриваются системные и точечные меры, которые являются в настоящее время барьерами для увеличения инвестиций в Казахстан.

Помимо этого, создается инвестиционная цифровая платформа, ведется работа вместе с Генеральной прокуратурой по оперативному решению проблем инвесторов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым да Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Өзіңіз атап өткеніңіздей, осы келісімнің мақсаты – инвестициялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасау, тікелей шетелдік инвестициялар ағынын ынталандыру және екі елдің экономикалық әл-ауқатын жақсарту.

Мен әріптесімнің сұрағын жалғастырғым келіп отыр.

Қатарлық инвесторлардың біздің елімізге одан әрі инвестиция жасауға қызығушылығы бар ма? Келісім ратификацияланғаннан кейін қандай жаңа перспективалар ашылып отыр? Қатарлық инвесторлардың қатысуымен қандай нақты жобалар іске асырылатын болады және асырылу барысында тұрған жобалар бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Назира Нұртілеуқызы, жауап беріңіз.

НҰРБАЕВА Н.Н. Сұрақтарыңызға рақмет.

Соңғы екі-үш жылдың ішінде Қатар мен Қазақстанның арасындағы қарым-қатынас өте жоғары деңгейде. Екі тараптың ұлттық компанияларының, жеке фирмаларының арасындағы қарым-қатынастар қарқынды дамуда. Бұл күнде нақты 14 жоба бар, оның ішінде үш жоба іске асырылған, яғни Астанада орта мектеп, мәдени орталық, Алматыда ғылыми орталық салынды. Қазір екі жоба іске асырылып жатыр.

Бұдан басқа коммерциялық бағыттағы көптеген жобалар қазір қарастырылып жатыр. Оның ішінде аграрлық салада, сондай-ақ энергетика және газ өңдеу салаларында инвесторлардың тарапынан қызығушылықты көріп отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым «Астана» халықаралық қаржы орталығының өкіліне.

Қарастырылып отырған келісімнің 12-бабында егер тараптар арасындағы дау бейбіт жолмен шешілмесе, онда мүдделі инвестор өз қалауы бойынша бірнеше арбитраждық мекемеге жүгінсе болады деп көрсетілген. Соның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығына немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотына жүгіне алады. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

Біздің елде жұмыс атқарып жатқан инвесторлар дауларын шешу үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотына қаншалықты жиі жүгінеді? Қаржы орталығы ашылғаннан бері осындай жағдайлар кездесті ме? Қанша іс қаралды? Шешімнің орындалу пайызы қандай дәрежеде? Осы сұрақтарға жауап берсеңіз.

ТӨРАҒА. «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Бектұров Ренат Нұрмолдаұлы, жауап беріңіз.

БЕКТҰРОВ Р.Н. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Сауалыңызға рақмет.

«Астана» халықаралық қаржы орталығында сот және арбитраж орталығы жұмыс істегеннен бері 2,5 мыңнан астам іс қаралды, оның 97-і сотта, қалғандары, яғни 2 мың 400-ден астамы біздің Халықаралық арбитраж орталығында қаралған. Ол 100 пайыз орындалды. Бүгінгі таңда біздің сотымызда оның төрағасын қосқанда 11 судья бар.

27 мемлекет өкілі өздерінің істерін сотта қараған, оның ішінде қазақстандық компаниялардың, шетелдік компаниялардың иелері бар. Бизнес болғаннан кейін, әрине, даулар болып тұрады. Ол істер қаралған, 100 пайыз орындалған.

Тағы бір қайталап өтейін, жалпы саны 2,5 мыңнан асады, 97-і сотта, қалғандары Халықаралық арбитраж орталығында.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Андрей Иванович. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жексенбай Бибиғұл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және отырысқа қатысушылар! Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы

Инвестицияларды қолдау және өзара қорғау туралы келісім елдердің өзара әділ және тең құқылы инвестициялық режимін ұсынуға бағытталған.

Бұл келісім екі жақтың тығыз экономикалық ынтымақтастығын арттырып, сондай-ақ кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру және екі мемлекеттің де әл-ауқатын жақсарту үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

Келісімнің мақсаты әр тарапқа қолайлы жағдай жасап, тең құқықты режимді реттеп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық заңнамаға және халықаралық құқыққа сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Соңғы жылдары Қатармен екіжақты сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты сапалы жаңа деңгейге көтеріп, Мемлекет басшысының бастамаларын іске асыру бойынша маңызды жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда екі елдің ұлттық компаниялары мен жеке секторлары арасындағы байланыс нығайып, экономиканың әртүрлі секторларында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асып жатыр.

Бүгінгі күні қатарлық компаниялардың инвестициялық жобалар тізіміне 1 миллиард 356 миллион доллар сомасын құрайтын 14 жоба кіреді. Оның ішінде 20 миллион доллар құрайтын үш жоба жүзеге асып, 103 миллион доллар сомасындағы екі жоба қолға алынды. Осыны ескере отырып, бұл заң инвестициялық жағдайды одан әрі жақсартуға және екі ел арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететініне сенімдімін.

Құрметті әріптестер, қаралып отырған заңды қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ершов Сергей Михайловичқа беріледі.

ЕРШОВ С.М. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги и приглашенные! На ваше рассмотрение вносится Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Сингапур о поощрении и взаимной защите инвестиций».

Инвестиционное сотрудничество между Республикой Казахстан и Сингапуром является важным аспектом для укрепления экономических связей и развития торговли между странами.

Сингапур является одним из передовых партнеров для Казахстана в Юго-Восточной Азии, а также одним из ведущих мировых финансовых хабов.

На текущий момент наблюдается положительная динамика в развитии двусторонних отношений в области инвестиций. Для развития экономики Казахстана Сингапур может предложить свой опыт и различные технологии для эффективного управления инвестициями.

Соглашение закрепляет на международно-правовом уровне гарантии прав инвесторов от политических рисков при осуществлении инвестиционной деятельности на территории сторон.

Соглашение предусматривает создание правовых рамок для сотрудничества путем закрепления гарантий прав инвесторов при осуществлении ими инвестиционной деятельности и обеспечивает защиту от принудительного отчуждения путем предоставления доступа к международному арбитражу и обеспечения выплаты компенсации, справедливое и равное отношение стран к иностранным инвестициям.

Вместе с этим закон направлен на аналогичные требования к инвестиционному режиму с обеих сторон, а также оговариваются условия компенсации за убытки и переводы, при этом стороны не будут национализировать, экспроприировать инвестиции инвесторов и оговаривают условия в случае наступления таких ситуаций.

Ратификация данного соглашения не повлечет отрицательных социально-экономических и правовых последствий, а также не потребует дополнительных финансовых затрат из республиканского бюджета.

Постоянные комитеты Сената дали положительные заключения.

Комитет по международным отношениям, обороне и безопасности рекомендует одобрить данный закон. Просим поддержать.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Қатар және Сингапур сияқты елдермен инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімдерді ратификациялау аталған инвестицияларды жүзеге асыру мақсатында инвесторларды ынталандыру мен оларға қолайлы жағдай жасау саласында біздің мемлекетімізбен ынтымақтастық жасауға дайын екендігін көрсететін өте маңызды қадам деп есептеймін.

Келісімнің 4-бабының 2-тармағында әрбір тарап өзінің ұлттық заңнамасына, үкіметінің саясатына және қағидаларына сәйкес экономиканың сезімтал секторларын немесе шектелетін немесе осы міндеттеменің қолданылу аясынан шығарылатын оған

байланысты басқа да қызмет түрлерін айқындау құқығын өзінде қалдыратыны қарастырылған. Осыған ұқсас норма Қатармен жасалып отырған тиісті келісімде де бекітілген. Осыған орай қаралып отырған келісім шеңберінде экономиканың «сезімтал» секторлары немесе олармен байланысты өзге де қызмет түрлері деген норманың мағынасын түсіндіріп берсеңіз. Бұларға қандай секторлар кіруі мүмкін?

Біздің заңнамада шетелдік инвесторлардың қатысуы шектелген немесе мүлдем қатыса алмайтын экономика секторларының бекітілген тізбесі бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Назира Нұртілеуқызы, жауап беріңіз.

НҰРБАЕВА Н.Н. Сұрағыңызға рақмет. Негізі халықаралық практикаға сай әрбір тарап осындай келісімге қол қойған кезде әр мемлекет шетелдік инвесторлардың қатысуын шектейтін немесе мүлдем тыйым салынатын осындай сезімтал секторларды ұлттық заңнамамен белгілейді.

Қазақстанның ұлттық заңнамасында бұндай секторлар тізімі жоқ, бұлардың бәрі арнайы салалық заңнамада белгіленген. Мысалы, әуе транспорты, сонымен қатар банк және сақтандыру, қызмет көрсету саласы немесе телекоммуникациялар, бұқаралық ақпарат құралдары жайлы заңнамада осындай шектеулер бар.

Бұл сезімтал секторды арнайы осылай келісімнен шығарудағы мақсат әрбір елдің өзінің ұлттық қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік мәселесіне қатысты, сондықтан осындай практика қолданған.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігіне.

Келісімнің 10-бабы сақтанушының шығындарын өтеу құқықтарының сақтандырушыға көшу мәселелерін регламенттейді.

Қазақстан Республикасының қай мемлекеттік органы инвестиция немесе оның бір бөлігі ретінде берілген қаражаттарды өтейтін болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Назира Нұртілеуқызы, жауап беріңіз.

НҰРБАЕВА Н.Н. Сақтандыру мәселесі осындай келісімге қол қойғаннан кейін егер де дау туындайтын болса, онда келісімде көрсетілген кепілдіктің бәрі дау мәселесі бойынша арнайы шарттар арқылы шешіледі.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, Маулен Сағатханұлы.

У меня два вопроса к Министерству иностранных дел.



Сингапур является одним из передовых партнеров для Казахстана в Юго-Восточной Азии и является одним из ведущих мировых финансовых хабов. На текущий момент наблюдается активное развитие двусторонних отношений в области инвестиций. Однако есть ряд моментов.

Уважаемая Назира Нуртулеуовна, первый вопрос. Имеются ли в Сингапуре определенные виды деятельности, куда мы ограничены инвестировать либо вовсе не имеем права инвестировать?

Второй вопрос. В мае прошлого года в Астане прошел Казахстанско-Сингапурский бизнес-форум, на котором было отмечено об успешном партнерстве сингапурских компаний в реализации масштабного проекта «G4 City» в Алматинской области. Ожидается, что данный проект станет новым инновационным туристическим центром в Казахстане.

Насколько данное соглашение будет способствовать реализации этого проекта? Какой объем инвестиций планируется привлечь из Сингапура, в какие отрасли? Какой эффект от данного проекта мы получим? Спасибо.

ТӨРАҒА. Назира Нұртілеуқызы, жауап беріңіз.

НҰРБАЕВА Н.Н. Большое спасибо за вопросы.

Действительно, в Сингапуре, как и в Казахстане, имеется свой список чувствительных секторов экономики, который устанавливается местным законодательством. В ходе переговоров у нас сложилось понимание, что это секторы в области сельского хозяйства, в области энергетики.

Что касается вопроса в отношении проекта «G4 City». При разработке данного проекта привлекалась сингапурская компания, которая также участвовала в разработке первоначального плана данного проекта. Мы ожидаем, что дальнейшее вовлечение также будет активно в этом проекте.

Что касается в целом инвестиций в новую территориальную единицу – в новый город Алатау, то мы ожидаем инвестиции Сингапура, а также других стран, что будет большой интерес в том, чтобы участвовать в развитии данного города со стороны иностранных инвесторов.

Третий вопрос в части эффекта от ратификации данного соглашения, будет ли дополнительный приток инвестиций. Мы считаем, что ратификация данного соглашения позволит привлечь дополнительные инвестиции.

В настоящее время есть список (перечень) инвестиционных проектов, который состоит из 13 проектов, часть из проектов уже реализована, это проекты в области производства нефтепромышленного оборудования, в области строительных материалов. Есть проекты, которые реализуются в настоящее время. Среди проектов, которые перспективные, имеют большой потенциал в реализации, я хотела бы отдельно отметить два проекта.

Первый проект, который реализуется АО «КТЖ» вместе с известной транснациональной компанией сингапурского происхождения «PSA», по созданию информационной системы, которая поможет нам реализовать наш транзитный потенциал.

Компания «PSA» является мировым лидером в таких системах и в отрасли транспортно-логистических услуг.

Второй проект, который имеет хорошие перспективы для реализации, с существенными инвестициями со стороны сингапурского инвестора, это проект в Жамбылской области по разработке фосфоритного месторождения и, самое главное, по производству удобрений для сельского хозяйства. Мы полагаем, что данный проект имеет очень высокий потенциал и эффект на экономику Республики Казахстан. Спасибо.

ТӨРАҒА. В целом большая работа проводится. Назира Нұртілеуқызы, в целом принимаем ответы по этим двум законам.

В то же время привлечение инвестиций – это банальность, конечно, но это стратегический вопрос, без инвестиций мы не сможем обеспечить удвоение внутреннего валового продукта нашей страны. В этой связи мы, депутаты, тоже достаточно часто ездим по регионам, встречаемся в том числе с представителями предпринимательских структур, с инвесторами. В этой связи, если подытожить, все-таки несколько блоков вопросов в этой сфере имеются, которые поднимают предприниматели, которые привлекают инвесторов и так далее.

Первый момент – это достаточно длительные сроки согласования решений по тем или иным вопросам. То есть у нас система работает таким образом, что многие не хотят брать на себя ответственность. В этой связи какие-то вопросы, которые требуют решения со стороны государственных органов, центральных, местных, затягиваются. В этой связи, видимо, нужно четче прописывать все процедуры работы с инвесторами. Наверное, у вас какие-то подходы в этом направлении есть, но надо обеспечивать реализацию этих процедур.

Второй момент. Жалуются предприниматели, инвесторы на вопросы, связанные с доступом к информации, к информации по каким-то аспектам, по каким-то месторождениям, информации, связанной с какими-то вопросами. У них возникают проблемы с доступом к этой информации. В этой связи, наверное, тоже нужно провести какой-то аудит необходимой информации для инвесторов. Здесь тоже, видимо, какие-то последовательные шаги были бы желательны.

Следующий аспект, который поднимается, – это недостаточный уровень координации между государственными органами, как между центральными исполнительными органами, так и между центральными и местными исполнительными органами. То есть где-то на центральном уровне принимаются решения, на местах они, может быть, не совсем реализуются.

Таким образом, очень много вопросов, которые сегодня нам нужно решать. Если нужно, мы законодательно какие-то моменты можем помочь отрегулировать, отрегулировать.

Мы знаем, что есть Инвестиционный штаб при Правительстве Республики Казахстан. Наверное, эти вопросы, связанные с процедурами рассмотрения вопросов инвесторов, с доступом к информации, с координацией между государственными органами, нужно поднять, какую-то ревизию провести. Здесь, видимо, мы, со стороны законодателей, поможем какие-то законы быстро, оперативно поменять, если в этом есть необходимость.

Здесь, наверное, нужны какие-то решительные шаги для того, чтобы мы вместе решали задачи, поставленные Главой государства, по удвоению валового внутреннего продукта нашей страны.

Я думаю, в рабочем порядке надо активнее взаимодействовать с нашим Комитетом по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству, обсуждать вопросы с нашим Комитетом по международным отношениям, обороне и безопасности. Я думаю, что в ближайший период мы должны способствовать каким-то конкретным, позитивным изменениям.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сергей Михайлович. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер және отырысқа қатысушылар! Қаралып отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім екі елдің бір-біріне әділ және тең құқылы инвестициялық режимді өзара ұсынуына бағытталған.

Аталған келісім екіжақты тығыз экономикалық ынтымақтастық үшін, сондай-ақ кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру және екі мемлекеттің де әл-ауқатын арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Баяндамашы келісімді ратификациялаудың мүмкіндіктері мен қажеттілігін толық көлемде атап өтті, ол әрбір тарапқа қолайлы жағдайларды, тең құқықты режимді, ұлттық заңнамаға және халықаралық құқыққа сәйкес толық қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Сингапурдың шетелдік инвестицияларды тартудағы тәжірибесі Қазақстанның іскерлік және инвестициялық ахуалын жақсарту үшін маңызды мәнге ие. Сингапурда инвестиция тарту үшін кең мүмкіндіктер жасалған. Атап айтқанда, шетелдік инвестициялар үшін ұлттық режим белгіленген, шетелдік капиталды қолдану салаларында шектеулер қарастырылмаған, жергілікті экономиканың барлық резиденттерінің (сингапурлық және шетелдік компаниялар) қызметі жекелеген салалық заңнамалық актілермен реттеледі.

Айта кету керек, Сингапурдың Қазақстан экономикасына құйған инвестициясының жалпы көлемі 1,4 миллиард доллардан асты. Бүгінгі таңда сингапурлық компаниялардың инвестициялық жобалар портфеліне 642,6 миллион доллар тұратын 13 жоба кірді. Осыны ескере отырып бұл заң инвестициялық ахуалды одан әрі жақсартуға және елдеріміз арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты белсенді дамытуға ықпал ететініне сенімдімін.

Құрметті әріптестер, қаралып отырған заңды қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді

ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Жолдауында 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есеге ұлғайтуды міндет етіп қойды. Осы мақсатқа жету үшін шетелдік инвестиция тарту мәселесіне баса мән беру қажет екені анық.

Бүгін қаралған заңдар еліміздің Қатар және Сингапур мемлекеттерімен осы саладағы ынтымақтастығын нығайтуды көздейді. Келісімдер шеңберінде инвестицияларды қолдау шаралары, инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібі және өзге де мәселелер реттеледі. Жалпы, мақұлданған заңдар қолайлы құқықтық орта қалыптастыру арқылы инвестиция тартуға және ел экономикасының дамуына оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арналған Жолдауында Үкіметтің агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуі тиіс екендігіне және экономиканың тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты екендігіне де тоқталды. Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі. Мемлекет басшысы бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқаратыны туралы ерекше тоқталып өтті.

Жыл басында аймақтардағы кездесулерде облыстық мәслихат депутаттары Атырау облысы үшін төмендегі маңызды мәселелерге назар аударған болатын.

Бірінші. Еліміздің ішкі нарығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің көптеген түрлері бойынша, оның ішінде отандық кәсіпорындарда өндірілген азық-түлік тауарларының түрлері бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары деңгейі әлі де сақталып отыр.

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы тауарларын жеткізудің жалпы көлемінде 5,7 пайызды ғана алып отыр.

Қазақстанға көршілес елдерден азық-түлік өнімдері, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдері көптеп тасымалданады. Алайда олардан келіп, шекарадан тексеріліп өткен өнім еш кедергісіз саудаға шығарылады. Біздің шаруалардың да Ресейге өз өнімдерін шығаруға мүмкіндіктері бар. Дегенмен бізден оларға шығарылған өнім өзіміздің лабораториядан және шекарадан тексеріледі, одан кейін 15-20 күндеп ол елдердің лабораториясынан тексеріледі. Бұл өз халқының денсаулығын қорғау үшін қолданып отырған шара екені белгілі.

Осы мәселеге орай көршілес елдерден келетін өнімді де тек олардан өткен тексеруге негіздемей қазақстандық лабораториядан халық денсаулығына зиянды әсеріне қатысты тексеру қажет деп есептейміз. Себебі сарапшылардың пікірінше, Ресейдің ауыл

шаруашылығы өнімдерінде әртүрлі биохимиялық қоспалар көптеп пайдаланатыны туралы фактілер бар. Бұл қоспалардың онкологиялық ауырулар туғызу қаупі өте жоғары.

Екінші. Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан 2024 жылға ірі қараға бөлінетін субсидия қысқартылып отыр, яғни ол тек ерекше жағдайларда ғана бөлінеді. Ол үшін төтенше жағдай жариялануы тиіс. Өзіңізге белгілі, төтенше жағдай жариялау талаптары жауапкершілікті талап етеді және ондай жағдай жылда туындамауы мүмкін. Осыған орай табиғаты шөлейт, жері сортаң, шабындық жері жоқ, тек жайылымдық жерлерден тұратын Атырау, Маңғыстау облыстары үшін бұл субсидияның қажеттілігі аса жоғары. Ата кәсіп мал шаруашылығы аймақ тұрғындары үшін өзін-өзі жұмыспен қамтуда және аймақ үшін азық-түлік белдеуін жасақтауда аса маңызды болып отыр. Сол себепті аталған мақсаттағы субсидияның төлену жолдарын басқаша шешу сұралады.

Үшінші. Үкімет тарапынан мемлекеттік сатып алу заңын жаңа редакцияда қабылдау жоспарлануда. Жаңа мемлекеттік сатып алу заңнамасында жергілікті кәсіпкерлерге басымдық беру ұсынысы тек белгілі бір салаларда, мысалы, құрылыс қана емес, жер қойнауын пайдаланушы кәсіпкерлерге де қатысты қаралса. Себебі жергілікті жерге келіп жұмыс жасаған жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындар барлық салығын өзі тіркелген аймаққа төлейді. Сондықтан белгілі бір аймаққа жұмыс жасауға келген жер пайдаланушы кәсіпорындар жергілікті жерде филиалын ашып, осы жерге салық төлеуші ретінде тіркелуді міндеттейтін нормалар қарастырылса.

Төртінші. Бүгінде білім беру саласында «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданды. Жалақы кезең-кезеңімен өсіп келеді, алайда осы білім беру ұйымдарына басшылық жасайтын директорлар мен оның орынбасарларының еңбекақысы ұстаздарға қарағанда өте төмен деңгейде. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының басшыларына жүктелген жауапкершілік пен жүктемені ескерсек, олардың алатын жалақысы 230 мың теңгені ғана құрайды.

Осындай жалақының төмен болуынан Атырау облысы бойынша жалпы білім беретін мектеп директорларының 31, балабақша директорларының 22 бос вакансиясы тұр. Сондықтан бұл санаттағы мамандардың жалақыларын көтеруге мүмкіндік жасалса.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыдағы мәселелердің оң шешілуіне ықпал етіп, заң талаптарына сәйкес сізден көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Ә. Нәутиев, С. Лұқпанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичқа беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Жамбылская область граничит с Кыргызской Республикой, и соблюдение пограничного контроля на государственной границе является одним из актуальных вопросов соответствующих правоохранительных структур данного региона.

Для решения важных проблем в этой сфере за последние три года правоохранительными органами совместно с уполномоченными органами проведен ряд мероприятий. В частности, совместно с заинтересованными органами на 76 уязвимых участках границы отремонтированы инженерные сооружения, установлены 275 камер видеонаблюдения, укреплен 501 километр ограждений, начаты работы по возвращению приграничных земель государству.

Но имеются факты коррупции, и приговорами суда признаны виновными должностные лица органов государственных доходов, Пограничной службы, ветеринарии.

Пресечена преступная группа, вымогающая вознаграждения у предпринимателей и граждан в пунктах пропуска. В текущем году на основании специальных оперативно-розыскных мероприятий выявлена преступная группа в составе 10 человек, из них 3 «лидера».

Однако в данной сфере есть еще нерешенные проблемы. Например, с 2015 года на железнодорожном пункте пропуска «Чалдовар» Меркенского района отсутствует должный контроль за грузоперевозками. Выявлением контрабанды и запрещенных предметов на данном пункте пропуска занимается только Пограничная служба путем визуального осмотра, обход кинолога проходит в течение 15-20 минут.

На посту отсутствует возможность изучения образцов продукции и сырья в лаборатории, в результате высок риск провоза под видом легального товара запрещенных грузов.

Несмотря на большие объемы грузооборота, к примеру, за 2022 год и 9 месяцев 2023 года выявлен только один факт контрабанды на сумму 1 миллиард тенге.

За последние три года из Кыргызстана через станцию «Чалдовар» в Казахстан импортировано 190 тысяч тонн грузов и экспортировано 3 миллиона 565 тысяч тонн груза. Это негативно влияет на экономическую безопасность страны. Отсутствие должного контроля может привести к криминализации приграничных с Кыргызстаном регионов и появлению маргинальных групп, занимающихся незаконными перевозками товаров. Маргинализация приграничного населения также способствует процессу нелегальной миграции.

В этой связи необходимо принять нормативный правовой акт, регулирующий и усиливающий порядок контроля за перемещением грузов на посту пропуска «Чалдовар».

На основании изложенного и в целях устранения правовых пробелов, а также недопущения нарушений предлагается:

- открыть специальный контрольный пункт на посту «Чалдовар»;
- внедрить методы, повышающие скорость и качество осмотра вагонов;
- определить отдельный тупик для недопущения заторов в пунктах пропуска;
- применить электронные навигационные пломбы на транзитных вагонах, направляющихся в страны ЕАЭС, для недопущения выгрузки товаров внутри страны.

О результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по их реализации просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением Лукин, Кыдырали, Асанова, Ершов, Жексенбай, Сарыбаев, Сатвалдиев, Шиповских».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Ағымдағы жылдың алғашқы күндері әріптестерімізбен өңірлерді аралап, тұрғындармен және әр деңгейдегі мәслихат депутаттарымен кездесіп қайттық. Кездесулер барысында әртүрлі бағытта, соның ішінде өңірдегі көлік-логистикалық инфрақұрылым бойынша бірқатар мәселелер көтерілді.

Тиімді, қауіпсіз көлік қозғалысы өндірістік процестерді жеделдетуге, сонымен қатар ішкі және сыртқы экономикалық қатынастарды нығайтуға ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік бюджетті толықтыруға көмектеседі.

Мемлекет басшысы көлік-логистикалық әлеуетті дамытуды Үкімет жұмысының негізгі басымдықтарының бірі ретінде белгіледі. Қазіргі таңда елімізде көлік-логистика салаларын қамтитын бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылып жатқандығы бізді қуантады. Дегенмен көлік-логистикалық инфрақұрылымның бір бөлігі болып табылатын темір жол, автокөлік жолдары және көпірлер бойынша, соның ішінде өңірлерде әлі шешімін таппай тұрған мәселелер жеткілікті.

2022 жылы 20 қазанда Мемлекет басшысы Жетісу облысына жұмыс сапары барысында облыстық маңызы бар жолдардағы 15 апатты көпірге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Бүгінгі күнге дейін төрт көпір қолданысқа берілді, тағы бір көпірдің жұмысы аяқталу барысында.

Енді 70 мыңнан аса халық пайдаланатын қалған 10 көпірдің мәселесі әлі ашық күйде. Ол көпірлер арқылы бас арнаның гидравликалық қондырғыларына, әскери базаларға, автоматты газ тарату станцияларына, аэродромға, су электр станциясына, Төтенше жағдайлар министрлігінің резервтік қоймасына, санаторий, балаларды сауықтыру орталықтары сияқты стратегиялық және әлеуметтік нысандарға қатынайды. Осыған орай адам өміріне қауіпті 10 апатты көпірді күрделі жөндеуден өткізу үшін бюджетті нақтылау кезінде қаражат қарастыруыңызды сұраймыз.

Сонымен бірге республикалық маңызы бар «Алматы – Шелек – Қорғас» ақылы жолдарының күтіп ұстауы мен қауіпсіздігі бойынша Панфилов ауданының мәслихат депутаттары халықтың наразылығын жеткізді.

Панфилов ауданының тұрғындары мен ауданға келуші халықтың 99 пайызы және шекара бекеті арқылы келген шетел азаматтары осы жолмен қатынайды. Алайда жолдардың жиегіндегі қоршаулардың болмауы, қыс мезгіліндегі жолдарды тазалау жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмеуі, төрт түлік мал мен жануарлардың жолға шығып кетуі жол апаттарының орын алуына әкелуде. Сонымен қатар жол бойындағы арнайы тоқтау орындарына тазалау жұмыстарының жүргізілмеуі еліміздің мәдениетіне шетел азаматтары алдында нұқсан келтіруде.

Келесі мәселе Текелі қаласының кірме темір жолдарының жағдайы. 2017 жылдан бастап кірме темір жол тармағы иесі «Асар жол» ЖШС. Алайда бүгінгі күнге дейін кірме

жолдарды күтіп ұстау жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмей, шарттық міндеттемелердің орындалмауы себебінен 2018 жылдан бері екі рет вагондардың рельстен шығуы, ал 2023 жылы 18 қазанда көмір тиелген үш вагон теміржолдан шығу жағдайы орын алды. Осы апат 6 мың тұтынушысы бар қаланың жылу беру мүмкіндігіне қауіп төндірді. Осыған орай апаттың салдарын «Текелі энергетикалық кешені» өз есебінен жоюға мәжбүр болған.

Аталған мәселені анықтау мақсатында «Асар жолы» ЖШС басшысы Е. Мұхитовпен кездесу өткіздік. Сонымен қатар Бас көлік прокуратурасына мән-жайды тексеруді сұрап хат жолданды. Бірақ мәселе әлі күнге шешімін таппады.

Өңірде тағы бір жауабын таппай отырған мәселе бар. Көксу ауданының Айнабұлақ және Лабасы ауылдық округтерінде орналасқан екі теміржол өткелінің жабық болуына байланысты аудан арасы қатынауға, ауыл шаруашылығы жұмыстарын іске асыруға үлкен қолайсыздық келтіріп, тұрғындар арасында наразылық тудыруда. Өткелдің жабық болуына байланысты мектеп оқушыларын үйіне тасымалдау үшін автобус 15 шақырым жерді айналып өтеді.

Лабасы ауылдық округіне қарасты өткелдің арғы бетінде 1 өндірістік кооператив және 25 шаруа қожалығы 210 гектар суармалы жерге егістік жұмыстарын жүргізеді. Бұл суармалы жерлерге жету үшін Мәмбет ауылы арқылы 18 шақырым жолды айналып өтеді. Ал өткел ашылған жағдайда жол 1 шақырымды ғана құрайды.

Осы мәселеге байланысты Көксу ауданы әкімдігі тарапынан «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ хат жолданған. Алайда ұлттық компания өз тарапынан бұл мәселені шешуге ниеттенбеген. Ал республика бойынша осындай 30 шақты мәселе бар.

Жоғарыда баяндалған жағдайлар оң шешімін тапқан жағдайда экономикамыздың күретамыры – жолдардың ретке келетініне, санитариялық нормалардың орындалуына, стратегиялық және әлеуметтік нысандарға, жолаушылардың қауіпсіз, әрі тиімді қатынасына мүмкіндік туары анық.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жазбаша жолданады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда көтерілген мәселелерді шешу мақсатында тиісті мемлекеттік органдарға тікелей хаттамалық тапсырма және заң талаптарына сәйкес толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары А. Толамисов, Ғ. Сарыбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос направляется Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Проблема в сфере железнодорожных пассажирских перевозок для жителей Восточного Казахстана, как никогда, актуальна. Отсутствие скоростного железнодорожного сообщения между регионом и городом Алматы, а также международного железнодорожного маршрута с Российской Федерацией указывает на неэффективность государственного регулирования деятельности железнодорожного транспорта на перспективу.



На сегодня единственным пассажирским поездом, связывающим область с городом Алматы, является поезд № 351/352 «Алматы-2 – Оскемен-1». Некачественное обслуживание данного маршрута неоднократно подвергалось критике со стороны пассажиров ввиду неудовлетворительного состояния вагонов советского периода и длительного времени в пути более 27 часов. Люди, имеющие проблемы со здоровьем, родители с маленькими детьми, студенты проходят настоящие испытания, пытаются добраться до точки назначения, в грязных, душных, непроветриваемых вагонах.

Вместе с тем до сентября 2022 года по направлению «Алматы – Оскемен» курсировал поезд Тальго, отвечавший всем требованиям безопасности и комфорта пассажиров и занимавший 16 часов в пути. Однако, по информации АО «Пассажирские перевозки», в связи со снижением уровня пассажиропотока и наполняемости в пассажирских поездах, данный маршрут был закрыт.

Отмечу, что автомобильное сообщение с городом Алматы затруднено ввиду ремонта республиканской трассы, продолжающегося уже несколько лет, а также неблагоприятных погодных условий в зимний период.

В этой связи возобновление скоростного железнодорожного маршрута № 69/70 «Алматы-2 – Оскемен-1» является необходимой альтернативой для жителей и гостей области.

Кроме того, населением поднимается вопрос железнодорожного пассажирского сообщения с Российской Федерацией, в частности, курсирования маршрута «Риддер – Томск».

Восточно-Казахстанская область, граничащая и имеющая тесные торговые и социальные связи с Алтайским краем и Новосибирской областью, не имеет железнодорожного сообщения. Данный факт сдерживает развитие предпринимательства и туризма в регионе.

В зимнее время года поезда более надежны и в условиях закрытия автомобильных дорог зачастую являются единственной возможностью добраться до пункта назначения.

Проблема открытия маршрута «Риддер – Томск» неоднократно поднималась на различных уровнях, однако решение данного вопроса требует межгосударственного рассмотрения.

В связи с вышеизложенным просим Вас рассмотреть вопрос возобновления скоростного железнодорожного маршрута № 69/70 «Алматы-2 – Оскемен-1», а также оказать содействие в решении вопроса железнодорожного пассажирского сообщения с Российской Федерацией на межгосударственном уровне, в том числе на площадке следующего Форума межрегионального сотрудничества Казахстана и России.

О результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по реализации просим дать письменный ответ в установленные сроки, предусмотренные законом.

С уважением, Булавкина, Буктугутов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Уважаемый Алихан Асханович! Роль донорской крови в лечении пациентов, несмотря на внедрение самых новейших технологий и лекарственных препаратов, невозможно переоценить. По-прежнему в определенных ситуациях жизнь людей зависит от того, есть ли препараты крови, найдется ли донор.

Существует широкий круг заболеваний, лечение которых возможно только с применением компонентов и препаратов крови. Это гемофилии, лейкозы, массивные кровотечения, тяжелые травмы.

В год по всей стране производится свыше 380 тысяч переливаний крови, продукты донорской крови получают почти 100 тысяч пациентов.

За последние пять лет прирост реципиентов составил 14,4 процента, количество переливаний крови выросло на 13,6 процента. Учитывая современные демографические тенденции, можно прогнозировать дальнейший рост потребления компонентов донорской крови в ближайшее десятилетие, что обусловлено в равной степени ростом населения, вводом в эксплуатацию новых медицинских организаций, развитием высокоспециализированной медицинской помощи.

В целом уровень развития в стране определяется, помимо остального, объемом потребляемой крови, разнообразием видов компонентов крови. К примеру, потребление высокотехнологичных клеточных компонентов, как тромбоциты, отражает развитие онкогематологии, трансплантологии и хирургии. В Казахстане потребность в тромбоцитах за последние пять лет выросла на 27 процентов. Однако даже при этом показатель потребления тромбоцитов в Казахстане не превышает 2,5 тысячи доз на 1 миллион населения, тогда как в странах Европы этот показатель достиг 40 тысяч доз на 1 миллион населения.

В обеспечении отечественной системы здравоохранения компонентами донорской крови участвуют ежегодно порядка 250 тысяч доноров, из них 4 процента – регулярные доноры. Это наиболее предпочтительная в плане безопасности категория доноров, что объясняется их регулярным скринингом на трансфузионные инфекции. Одна донорская кровь участвует в лечении сразу 2-3 пациентов, а для получения 1 литра плазмы нужна кровь 4-5 доноров. При этом донорская кровь остается лечебным средством, единственным источником которого является человек.

Вместе с тем здоровье добровольных доноров требует адекватной поддержки. Согласно рекомендациям в день кроводачи донор должен возместить потерянный объем килокалорий, микроэлементов и получить пищевой рацион для профилактики анемии. В настоящее время доноры крови получают в качестве компенсации энергетических затрат при кроводаче 0,25 МРП, что составляет 923 тенге. Этой суммы для поддержания добровольного донорства на необходимом уровне, конечно же, недостаточно. На протяжении десяти лет данный вопрос неоднократно поднимался, однако вопрос не находит заслуженного внимания.

В зарубежных странах имеет место множество мер соразмерного финансового поощрения доноров. В ряде стран доноры дополнительно получают компенсацию

транспортных расходов. Данные усилия вносят вклад в развитие и популяризацию донорства в этих странах.

Идея донорства осталась той же, что и сто лет назад: один человек жертвует свою кровь ради спасения другого.

Уважаемый Алихан Асханович, учитывая важность донорства крови для обеспечения здоровья и безопасности населения страны и необходимость поддержания запасов достаточного количества компонентов крови в случае возникновения чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера, прошу Вас рассмотреть возможность увеличения компенсации донорам с 0,25 МРП до 1,25 МРП. Дополнительные бюджетные расходы составят 848 миллионов тенге в год. В связи с чем прошу Вас поддержать данный вопрос и рассмотреть выделение соответствующих средств при уточнении республиканского бюджета». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министр Смайылов Әлихан Асханұлына жолданады. Депутаттық сауалда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық мәселесі көтеріледі.

«Қазіргі уақытта бизнеспен қатар мемлекет тарапынан профилактикалық дезинфекция, дезинсекция, дератизация қызметтерін «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны көрсетеді, сондай-ақ ол елдің шалғай аудандарын да қамтамасыз етуде.

Облыстар мен аудан орталықтарынан 300 шақырым қашықтықтағы көптеген ауылдарда нарық субъектілері жоқ, өйткені қызметтің өзіндік құны арзан және көбінесе мұндай кішігірім көлемдер бизнесті қызықтырмайды, сондықтан жалғыз өзі қызмет бере отырып тұрақты арзан бағаны қамтамасыз ететін осы орталық.

Орталықтың қызметтерінің қолжетімділік факторы бүгінгі санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің кепілі болып отыр. Ал енді орталық халыққа қызмет көрсету мүмкіндігінен айырылуы мүмкін, өйткені Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің орталықтың дезинфекциялық қызметтер нарығына қатысуын болдырмау туралы шешімі бар.

Егер кез келген бір ауыл тұрғындары мен сол жердегі заңды тұлғаларға көрсетілетін қызметтің қолжетімділігі жойылса, ал нарық қызметі ол жерде болмай қалса, мемлекеттік медициналық мекемелер, білім беру және тәрбиелеу объектілері – балабақшалар ішінде инфекциялық және паразиттік аурулар тарап кетіп, тіпті адам өліміне апаратын қауіпті жағдайлар тууы мүмкін.

Сонымен қоса өңірлердегі болып жатқан оқиғаларды өзіміз де көріп отырмыз. Осы саладағы кәсіпкерлердің қателіктерінің салдарынан адамдар уланып, тіпті көз жұмған да оқиғалар бар. Мысалы, жақында болған Маңғыстау мен Ақтау өңіріндегі жағдайлар. Оның себебін табысты қуып, жұмыс сапасына мамандардың қабілеттілігіне кешенді түрде жеткілікті назар аудармай, базардан сатып алған сапасыз немесе контрафактілік дәрі-

дәрмекті қолданудың кесірі деп білеміз. Ал шалғай аудандарға жету жолының шығынын ескерсек, қызметтердің бағасы қымбаттай түседі.

Мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМҚ қалалық және ауылдық елді мекендерде өз объектілері бар еліміздің ең үлкен мемлекеттік зертханалар желісі болып табылады. Кез келген ауру қасақана таралған жағдайда мұндай желінің басқару және іске асыру хаттамаларына түрлі жағдайларға бейімделген тәжірибесі бар және қолданылатын дезинфекциялық препараттары ашық түрде сапалық стандарттармен сатып алынады.

Осы мекемеден дезинфекциялық қызметтерді алып тастау мамандардың жойылуына және биологиялық тәуекелдерге мемлекеттік ықпал ету құралдарының болмауына әкеледі. Елдегі кадр тапшылығының жалпы тенденциясына қарамастан орталықтағы дезинфекциялық қызметтегі мамандардың саны 6 мыңнан астам қызметкерді құрайды.

Қазіргі таңда елімізде сапалы ұлттық сақтандыру шешімдері мен инновациялық дамуды қамтамасыз ету үшін тұрақты институттардың аса қажеттілігі сөзсіз. Олардың дамуы саланың кәсіпқойлық деңгейін жоғарылата отырып қоғамның ғылым, технология, саясат сияқты түрлі салаларында тұрақты сенімді зерттеулердің бар болуын қамтамасыз етеді.

Мұндай орталықтарды қолдау әлемде болып жатқан өзгерістерге тойтарыс беретін тиянақты негізі мен тарихы бар шешімдердің қабылдау кепілі болып табылады. Сондықтан қолда бар әлеуеттерді, әсіресе мамандарды сақтап қалғанымыз жөн болар. Көптеген жылдар бойы тұрақты дамып келе жатқан нәрсені бұзудың қажеті қаншалықты? Әлде бізде ондай мысалдар аз ба?

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда аталған мәселелердің маңыздылығын назарға ала отырып, санитариялық-эпидемиологиялық ахуалдың нашарлау тәуекелдерін болдырмау үшін Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне түпкілікті шешім қабылдас бұрын уәкілетті және мүдделі ұйымдармен бірлесіп келесі мәселелерді пысықтауға тапсыруды сұраймыз.

1. Әр өңірдің ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін ескере отырып, тауар нарығын толыққанды талдауды қамтамасыз ету.

2. Облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктерін анықтап, инфекциялардың таралу қауіптерін сараптап, оған бизнес субъектілердің үздіксіз қызмет көрсетуге қаншалықты дайын екендігіне талдау жүргізу үшін сала мамандарының қатысуымен сараптама тобын қалыптастыру.

3. Осы жылдың 2 шілдесінен бастап дезинфекциялық қызметтер лицензияға өтеді. Сонымен қатар осы саладағы нарықта қызмет көрсетушілер саны азайып барады. Сондықтан ағымдағы жылдың соңына қарай осы нарықтағы қызметтерді жеткізушілердің санын толық біліп, оны бағалап, ал егер ол жеткіліксіз болса, онда Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің қорытындысының күшін жою мүмкіндігін қарастыруды сұраймыз.

Депутаттық сауалды заңда берілген мерзімде қарап, нәтижелері туралы жазбаша жауап беруді өтінеміз».

Депутаттар Ж. Асанова, Н. Ниязова, Б. Жексенбай, А. Сатвалдиев, А. Лукин».  
Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Развитие системы местного государственного управления и самоуправления является одним из неперенных условий экономического процветания, социального благополучия и формирования гражданского общества.

В рамках перехода на новую экономическую модель предстоит повысить уровень бюджетной самостоятельности регионов. Одним из сбалансированных подходов для увеличения собственных доходов регионов является передача на уровень местных бюджетов отдельных видов налоговых и неналоговых платежей.

Главой государства в рамках Послания народу Казахстана от 1 сентября 2023 года «Экономический курс Справедливого Казахстана» было поручено дополнительно передать не менее 2 триллионов тенге из республиканского бюджета в местные бюджеты.

Ранее для повышения стимулов местных властей и укрепления собственных доходов регионов с 2020 года корпоративный подоходный налог от малого и среднего бизнеса был передан в местные бюджеты, по которому сумма поступлений в период с 2020 года по 2022 год составила более 2 триллионов тенге. Доля налоговых поступлений составила более 20 процентов, ежегодный темп роста корпоративного подоходного налога от малого и среднего бизнеса составил 40 процентов.

Бесспорно, что данная мера сыграла определенную роль в повышении уровня обеспеченности финансовой самостоятельности регионов. Однако, как показывает практика, несмотря на внедрение института выборности акимов и ведение работы на протяжении нескольких лет по расширению доходной части местных бюджетов, вопрос финансовой самостоятельности регионов все еще остается актуальным.

Вместе с тем надо понимать, что передачу дополнительных доходов в местные бюджеты необходимо рассмотреть после проведения тщательного функционального анализа компетенций государственных органов, передачи определенных функций на местный уровень, соответственно, расходных полномочий.

Поэтому на данном этапе в рамках продолжающегося процесса децентрализации государственного управления в целях повышения эффективности местного государственного управления и самоуправления, а также повышения их ответственности, полагаем, необходимо проведение вышеуказанного функционального анализа и рассмотреть готовность местных исполнительных органов к выполнению новых функций. И с учетом проведенного анализа рассмотреть вопрос передачи полномочий и функций на местный уровень, который позволит определить целесообразность дальнейшей передачи из республиканского бюджета следующих дополнительных доходов в местные бюджеты:

часть корпоративного подоходного налога от субъектов крупного бизнеса, который на сегодня составляет 1370 компаний с определенным совокупным годовым доходом;

налог на добавленную стоимость от субъектов малого и среднего бизнеса;

акцизы и товары, импортируемые на территорию Республики Казахстан (это более 150 миллиардов тенге);

налог на общераспространенные полезные ископаемые;

административные штрафы и пени, санкции о взыскании, налагаемые государственными учреждениями.

Полагаем, что передача данных видов поступлений приведет к более справедливому распределению доходов и окажет положительный эффект на доходную часть регионов.

Уважаемый Алихан Асханович, просим Вас представить ответ по рассмотрению данного депутатского запроса в установленные законом сроки.

С уважением, депутаты Сената Орынбасаров, Макежанов, Орынбеков, Ниязова».  
Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді» деп айтылған болатын.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше адамдар өліміне әкелетін факторлардың 60 пайызы сапасы нашар, қауіпті қоспалармен әзірленген тағамдардың кесірінен болады. Қазақстандағы өлім-жітімнің 90 пайызға жуығы жұқпалы емес ауруларға байланысты.

Бүгінгі депутаттық сауал жасөспірімдердің денсаулығы, атап айтқанда, зиянды тамақтардың кері әсері туралы болмақ. Соңғы кезде Қазақстан нарығында шығу тегі белгісіз зиянды тағамдар қаптап кетті. Алыс-жақын елдерден қоқыс тағам-тауарлар арбалап та, дорбалап та тасылып жатыр. Ең қорқыныштысы, «қоқыс тағамдардың» көбін көшелер мен жергілікті жерде жасайды. Қытайдың өзінде бұл өнімнің зиянды екені дәлелденіп, сайттарында «қоқыс тағамдары» деп көрсетілген. Қытай билігі мұндай залалды тағам өндірушілермен күресіп жатса да «қоқыс тағамдары» алыс-жақын шетелдің қорғалмаған нарықтарын жаулап жатыр. Осы орайда сұрақ бар.

Біріншіден, еліміздің арнайы заңдарына сәйкес әр өнімде қазақ немесе орыс тілдерінде шығарушы туралы, құрамы, пайдалану мерзімі туралы ақпарат болуы тиіс. Алайда дүкен мен базарларда саудаланатын бағасы арзан, көздің жауын алатын зиянды тағамдар бойынша осы талаптардың орындалуына бақылау бар ма?

Екіншіден, шетелден ағылған тауарға ақшасын төлесе жылдам сертификат алуға көмектесетін ғаламтордағы жарнамадан көз сүрінеді. Жеке делдал компаниялардың бұл бағытта көптігі нарықтағы сапасыз тауарлардың көбеюіне әкеліп отырған жоқ па?

Үшіншіден, зиянды тағамдардың жарнамасы жайлы айтпау мүмкін емес. Өйткені бүгінде жұрт, әсіресе балалар қанты мол, тұзды, майлы, химиялық қоспалардың мөлшері көп өнімдер жарнамаларының еріксіз көрермені болып отырғаны жасырын емес. Әрине, жарнама тиісті заңдармен реттелгенімен оларда денсаулыққа зиянды өнімдер туралы

ақпараттың таралуын шектейтін нормалар жоқтың қасы. Елімізде балаларға арналып жарнамаланатын ас-судың шамамен 72 пайызы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тарапынан тыйым салынған азық-түлікке жатады екен. Зиянды тағамдар жарнамасын көбейту – түсіне білгенге жамандыққа азғыру. Бұл бағытта қандай жоба-жоспарлар бар?

Төртіншіден, күнделікті астың ағзаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тағамдағы қант, тұз және қаныққан майларды бақылау маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тамақ өнімдеріндегі қант пен тұздың құрамы 5 пайыздан аспауы жөніндегі қаулысы қатаң орындалуы тиіс.

Бүгінде әлемде зиянды тағамға қосымша салық салу практикасы айтарлықтай кең тараған. Соңғы он жылда мұндай салық Дания, Норвегия, Франция, Венгрия, Мексика, АҚШ және басқа да елдерде бар. Осы салық түрі енгізілген елдерде өндірушілер мен сатушылардың 70 пайызы зиянды және қосымша салық салынатын өнімдерді қысқартты.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Ел келешегін ойласақ халықты зиянды тағамнан қорғау да – елдік мәселенің бірі. Сондықтан төмендегідей ұсыныстарды қарастыруды сұраймыз:

1) елімізде қоқыс тағамдарды саудалауға тыйым салу, кедендік бақылауды күшейту;  
2) стандарттау және сертификаттау қызметін қатаң бақылауға алу;  
3) әсіресе балаларға зиянды тағамдарды теледидарда жарнамалаудың уақыт мерзімі бойынша шектеу қою;

4) зиянды тағамдарға, қанты көп энергетикалық түрлі сусындарға қоғам денсаулығын қолдауға арналған қосымша салық салуды қарастыру;

5) балабақша балаларына, мектеп оқушыларына ағзаға пайдалы сүт, қымыз, шұбат беруді міндеттеуді қарастыру;

6) Денсаулық сақтау министрлігі мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қоғамдық ұйымдармен бірлесе салауатты тамақтану бойынша тұрақты және тиімді ақпараттық компаниялар өткізіп отыру;

7) Денсаулық сақтау министрлігінде қоғамдық денсаулықты қорғау бойынша арнайы толыққанды құрылым құру.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Сізден осы мәселе бойынша жоғарыда ұсынылған тиісті іс-шараларды қабылдап, жазбаша толық жауап жолдауыңызды сұраймыз».

Құрметпен сенаторлар Б. Жексенбай, А. Қапбарова, А. Толамисов, Ғ. Сарыбаев, А. Сатвалдиев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2024 жылғы 25 қаңтар**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы**

Об избрании депутатов Сената Парламента Республики Казахстан в состав совместной комиссии Палат Парламента Республики Казахстан по проекту Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституционный закон Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Государства Катар о взаимном поощрении и защите инвестиций», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы**

Доклад председателя Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ЛУКИНА А.И. .... 2

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. .... 3  
НҰРБАЕВА Н.Н. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан ..... 3  
РАХМЕТОВА Ә.Қ. .... 4  
НҰРБАЕВА Н.Н. .... 4  
ӨТЕҒҰЛОВ А.К. .... 5



БЕКТҰРОВ Р.Н. – «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы, управляющий Международным финансовым центром «Астана» .....	5
ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. ....	5

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Сингапур о поощрении и взаимной защите инвестиций», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі С.М. ЕРШОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ЕРШОВА С.М. ....

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ҚАДЫРБЕК М.Б. ....	7
НҰРБАЕВА Н.Н. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан .....	8
АҚҚОЖИНА Б.Б. ....	8
КАРПЛЮК С.А. ....	8
НҰРБАЕВА Н.Н. ....	9
АСАНОВА Ж.Б. ....	11

**Депутат Ә.И. НӘУТИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НӘУТИЕВА Ә.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....

**Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....

**Депутат А.Г. ТОЛАМИСОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ТОЛАМИСОВА А.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....

**Депутат О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БУЛАВКИНОЙ О.А. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 16

**Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 17

**Депутат Ж.Б. АСАНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата АСАНОВОЙ Ж.Б. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 19

**Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 21

**Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 22

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің  
басшысы



Г. Молдашева